

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 206 (9268) | 1953 жылғы 11 октябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мал шаруашылығы жемшөппен толық қамтамасыз етілсін

Коммунистік партияның Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығын өркендетуде төтегіз артта қалушылықты жою, таяудағы 2-3 жылдың ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мықтап арттыру жөнінде шұғыл міндет қойды. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы көбінесе әрбір колхоз бен совхозда жемшөптің берік базасын жасауға байланысты.

Мал шаруашылығының ең жауапты кезеңі — мал қыстату маусымы жақындап келеді. Мал қыстатуға шезінде әзірлену, малды жоғары сапалы жемшөппен толық қамтамасыз ету, мал қораларының құрылысын және жөндеуді аяқтау — колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының бірінші борышы осындай.

Малды қолда күту кезінде оны мол және әртүрлі азықпен азықтандыру — мал қыстатуды ойдағыдай өткізудің шешуші шарты. Олай болса, әрбір ферма шөптің, сабанның, тамыржемістің, сүрленген шөптің және басқа да жемшөптің жеткілікті қорымен қамтамасыз етуі қажет.

Ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру дәрежесінің жоғары болуы, жемшөп қорын арттыру жөніндегі қолда бар зор мүмкіншіліктер колхоздар мен совхоздардың барлық мал басы үшін үстіміздегі жылы жемшөптің жеткілікті қорын жасауына жағдай жасайды.

Қолда бар мүмкіншіліктерді шебер пайдалана отырып, Украинаның, Молдавияның, Қырғымның, Томск және басқа облыстардың алдыңғы қатарлы аудандары кеш пісетін дақылдарды жыйнауды, күздік егісті, зияб шыртыуды мал қораларын салуды және жөндеуді аяқтаумен қатар, өздерінің фермалары үшін жемшөп қорын үнемі толықтыруда. Олар егін алаңдарынан барлық сабақтарды жыйнап алуда, шабындықты екінші рет шабуға, жемшөптің тамыржемістерді жыйнап, қант қызылшасының сабақтарын, картопты, овоштың, бақша және басқа да дақылдардың жасыт қалдықтарын сүрлеуде.

Алайда, істің жайы барлық жерде бұлай емес. Көптеген облыстарда, өлкелер мен республикаларда жемшөп дайындаудың қарқыны өте-өте төмен. Осының салдарынан жай жемшөп дайындау жоспары, мысалы, 30 сентябрьге жартысынан аз-ақ асыққыран орындалды, ал шөп сүрлеудің жоспары — небары 68,6 процент ғана орындалды. Жемшөп дайындауды Ивано-


не оның да көп тонна сүрленген шөп дайындап тамыржемісті мал азығының, картоптың қажетті қорын жасауда және малды дұрыс азықтандырудың нәтижесінде малдың жоғары өнімділігіне жетісуде. Алайда, көптеген колхоздар жыл сайын шөп сүрлеудің жоспарын орындамай келеді.

Үстіміздегі жылы көптеген аудандардың сүрленген шөптің мол қорын жасауына зор мүмкіншіліктері бар, бірақ, шөп сүрлеудің қарқыны мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Мәселен, Кострома, Ярославль және басқа кейбір облыстардың колхоздары сүрленуіне тиісті шөпті жарытпай да сүрлеген жоқ. Шөпшөп сүрлеу жөніндегі жұмыстарға машина-трактор станциялары мүлде қанағаттанғысыз қатысшы отыр. Мәселен, Ярославль облысының МТС-тері шөп сүрлеудің өздеріне белгіленген жоспарының үшін бірін ғана орындады. Басқа да бірқатар облыстардың, өлкелердің және республикалардың машина-трактор станциялары құнарлы мал азығын дайындауға жеткілікті назар аудармайды.

Мал азығындық тамыржемістерді жыйнау қарқынының баяу болуы елеулі қауіп туғызып отыр. Тамыржемісті мал азығындық егістердің алаңының төрттен бір бөлегі ғана жыйналды. Әресе, бұл жұмыстар өткен жылғыдан анағұрлым нашар жүргізіліп отырған Башкүртстанның, Свердлов және басқа облыстардың колхоздары артта қалып отыр.

Жемшөп дайындау барысының қанағаттанғысыз болуы мал шаруашылығын өркендетуге елеулі нұқсан келтіруі мүмкін. Жеткілікті совет және ауылшаруашылық органдары МТС-тер мен колхоздардың басшыларынан жемшөп қорын жасау жоспарының сөзсіз орындалуын талап етуге тиіс. Жемшөп дайындау жөніндегі тапсырманы орындамай, иесіздікке, жемшөптің бұдшуіне және талаң-тарапқа түсуіне жол беріп отырған МТС директорларын, колхоз председателдерін қатаң жауапқа тарту керек.

Көзіргі міндет барлық резервті құнарлы және басқа да жемшөпті барынша жеткілікті дайындау ісіне пайдалану болып табылады. Ең алдымен таяудағы күндерде сүрленуге тиісті дақылдарды жыйнап, шабындықтарды екінші рет шабудан көкшөптерді сүрлеуді, сондай-ақ овоштың, тамыржемісті жыйнауда алынған қалдықтарды, сол сияқты картоптың сабақтарын өңдеуді ұйымдастыру керек.



Жаңа табыстарға жетуде

Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігі заводдың коллективі Петропавлдағы өндірістік программаны үнемі толық және асыра орындап келе жатқан коллективтердің бірі.

Үстіміздегі жылдың 9 айының тапсырмасы мұнда едәуір артық орындалды, шығарылған өнімдердің өзіндік құны анағұрлым кемігілді. Жыл басынан бері біржарым миллион сомнан астам қор жасалды. Бұл жоспардағыдан әлде қайда көп.

Заводта, әресе, Тарасова жолдас басқаратын бірінші цехтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері үздік еңбек етуде. Олар жыл басынан бері кәсіпорнының ауыспалы Қызыл туына не болып келеді. Цехтың озат адамдары пропятица Гусева, лак қайнатушы Редакова және тағы басқалары сменалық тапсырманы мінсіз және 2-3 есе артық орындауда.

Жуырда бұл цехқа «Мінсіз сапалы өнім шығарушы кәсіпорны» деген атақ берілді.

Завод коллективі көзір Ұлы октябрдің 36 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы еоциалистік жарысқа қосылып, еңбек қарқынын барған сайын күшейтуде.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Овош өсірушілер

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының Романенко жолдас басқарған оғорд бригадасының мүшелері ССРО Министрлер Советі мен ССКП Орталық Комитетінің «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овош өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысымен жігерлене отырып, картоп пен овош жыйнауда айтарлықтай табыстарға не болуда. Олар бы-
ыл өсіретін мол өнім жыйнау-

Мал қыстатуға үлгілі әзірлену, жемшөптің барлық түрлерінің қорын жасау жоспарын орындау — колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің шұғыл міндеті міне осындай.



Майбалық МТС-нің комбайншысы Сәбит Таптин үстіміздегі жылы «Сталинец-6» комбайнымен үш маусымдық жұмыс нормасын орындап, әрбір гектардан 12 центнерден астам астық бастырды. Егін орағынан кейін ол комбайнды техникалық күтімі жағынан жақсы күйінде МТС-ке тапсырды.
СУРЕТТЕ: (оң жақта) комбайншы Сәбит Таптин және оның көмекшісі Зейнолла Сембаев. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Егіншілік мәдениетін арттыра береміз

ССКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын біздің колхоз мүшелері зор құанышпен қарсы алды. Өйткені, ол колхоз дәулетін молайтуға, еңбекшілердің тұрмыс және мәдени дәрежесін жақсартуға тусуға бағытталған.

Пленум қаулысында егіншілік мәдениетін арттырып, оның өнімін көбейту — ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің басты міндеті екендігі айтылған. Бұл міндетті орындау жолында өз үлесімізді қосуға біздің толық мүмкіншіліктеріміз бар. Оған шаруашылық салаларында көзіргі қол жеткен табыстарымыз дәлел. Колхоз станция бай техникамен жеткілікті жаб-
тықпен. Соның нәтижесінде быыл

шы әйел Федора Малинних семьясымен 490 пұт астық, 1577 сом ақша алды. Колхозшылар Д. Колосов, И. Шабрих, Е. Соловьева жолдастар 300 пұттан астық, 1000 сомнан ақшадай табыс алып отыр.

Жоғарыда аталған жетістіктерімізбен қатар шаруашылығымызда кемшіліктер де орын алып келді. Мысалы, МТС-пен жасасқан шарт уақытында орындалмай қалады. Мұның себебі тракторлардың үздіксіз екі сменада жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отырғанымыздан, оларға техникалық күтім уақытылы жасалмай, сынып көп уақыт босқа тұратындығынан екендігін айта кетуіміз керек.

Бізде жете көңіл бөлінбей келе жатқан шаруашылықтың бірі — картоп және овош шаруашылығы. Бұлар колхозда өте

Зор ұйымшылдық

Совет ауданындағы «Еркіндік» ауылшаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жолында қажырлы еңбек етуде. Колхоз малшылары ССКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына нақтылы іспен жауап бермек.

Бұрынғы мал қораларын жөндеу, жаңадан мал қораларын салу жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Бұрынғы екі қора сапалы жөндеуден өтті. Жаңадан 100 қарамал тұратын бір қора салынып жатыр.

Қоғамдық малға қажетті жемшөптің мол қоры дайындалды. Дайындалған жемшөптің 3700 центнері қора қасына тасылды. Шөп тасуда Нұрмұқанов, Рамазанов жолдастар еңбек үлгісін көрсетуде. Колхоз шөп сүрлеу жұмысын да тыңғылықты ұйымдастырды.

Мал басын өсіруде Темірбаева жолдас үлгілі еңбек етіп келеді. Ол жыл сайын қарамағындағы бұзауларды шығынсыз өсіруде. Быйыл Темірбаева жолдас қарамағындағы 98 бұзаудың тәулігіне өсу салмағын 700 граммға дейін жеткізді.

Колхозда сауын сыйырлар түнде де өрісте бағылады. Мұның өзі сыйырлардан сүтті мол алуға мүмкіндік туғызуда.

Мал күтудегі колхозшылардың тұрмыс, мәдени дәрежелерін жақсарту жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілді. Быйыл малшыларға арналып жаңадан 7 тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді.

Көзір малшылар мал қыстатуға тыңғылықты әзірленіп, колхоздық қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жету үшін өздерінің күш-жігерлерін аямай жұмсауда.

А. АЯПБЕРГЕНОВ.

бір облыстар тегісіз ұзаққа созуда.

Бірқатар аудандарда комбайндармен жыйналған алаңдардан сабан мен топаңды жыйнау және оны майлау мүлдем қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Осы күнге дейін сабаның 30 проценттен астамы майланған жоқ. Жүздеген мың тонна жемшөп жыйналмай, бүлінуге ұшырауда.

Фактілер мынаны көрсетеді: көптеген совет ауылшаруашылық органдары жемшөп дайындаумен шырдап шұғылданбайды, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшыларынан мал қыстатуға әзірлікте тиісті жауапкершілікті талап етпейді. Қазақстанның, Алтай өлкесінің, Саратов, Курган, Омск және басқа облыстардың егін алаңдарында осы күнге дейін бірнеше миллион гектар жердегі жаздық дәнді егіннің сабаны жыйналмауын тек осымен ғана дәлелдеуге болады.

СССР Совхоздар министрлігінің совхоздарында осы күнге дейін үш миллион гектарға жуық алаңнан сабаның жыйналмауы мүлдем тегісіз жағдай. Бұл істе Сибирь, Орал және Шығыс аудандарының совхоздары артта қалып отыр. Бірақ олардың көпшілігінде сабан-топаңның жеткілікті қорлары жоқ.

Ірі сабақты мал азығын дайындау және сақтау ісіне жауапсыздықпен қараушылықты жоюын уақыт жеткі. Сабан-топаң колхоздардың мал азығының балансының маңызы белегі. Сабан мен топаңды жыйнау және майлау қарқынын күшейтеу үшін ең шұғыл шараларды қолдану—совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздар мен МТС басшыларының тікелей борышы.

Машина-трактор станциялары колхоздарға зор көмек көрсетуге тиіс. Алдыңғы қатарлы МТС-тер сабан жыйнау жұмысын механикаландыруды, оны фермалар мен мал қыстайтын орындарға жеткізуді қамтамасыз ететін трактор сүйреткелерін, мая тасыйтын және басқа да түрлі механизмдер мен құралдарды жемшөп дайындауда ойдағыдай пайдалануда. Бұл бағалы тәжірибені әрбір МТС-те қолдануға болады және қолданылуға тиіс.

Жергілікті ауылшаруашылық органдарының міндеті —бұл күндері әрбір МТС-тің егін алаңдарынан сабан мен топаңды механикаландырылған жолмен жыйнау, барлық мал басы үшін жемшөптің жеткілікті қорын жасау жөнінде колхоздарға барынша көмек көрсетуге жетісу.

Малды азықтандыруда қуырып азық елеулі орын алады. Алдыңғы қатарлы колхоздар жыл сайын әрбір сыйырға 5-6 жа

Сүрленген шөптің қорын көбейтуге қызылша шаруашылығының қалдықтары маңызды қорлардың бірі болып табылады. Қант қызылшасының сабағы—бағалы мал азығы. Оны шөп сүрлеуге шикізат ретінде пайдалана отырып, Курск, Воронеж, Винница және басқа облыстардың көптеген алдыңғы қатарлы колхоздары жыл сайын жүздеген мың тонна жоғары сапалы қосымша сүрленген шөп атуда. Мәселен, Курск облысының Рагитян және Шебекин аудандарының колхоздары қызылшаның сабағы есебінен әрбір жыйналған гектар бойынша 4,6-3,8 тоннадан шөп сүрледі.

Жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары, МТС және совхоздардың басшылары әрбір ауданда және колхозда жемшөп дайындаудың жайын жете біліп, бұл жұмыстың қарқынын арттыру үшін барлық шараларды қолдануға міндетті. Жемшөп дайындауға қатысып жүрген колхозшыларды, МТС және совхоз жұмысшыларын материалдық ынталандыру шараларының жүйесін барлық жерде кеңінен қолдану керек. Жазықтан бастап жемшөптің есебін жолға қойып, оны дұрыс жұмсауды ұйымдастыру қажет. Қолда бар жемшөптің ысыраққа ұшырауына жол бермей, оны бүлінуден сақтаудың маңызы зор.

Мал қыстатуға әзірлік, мал азығының қорын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру одақтас республикалар партиялары Орталық Комитеттерінің, партияның өлкелік комитеттерінің, облыстық комитеттерінің және аудандық комитеттерінің, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдарының ерекше қамқорлығында болуға тиіс.

Мал қыстату маусымының басталуына аз уақыт қалды. Бұл уақытты мадды қолдан күтуге әзірлікті жақсы ұйымдастыру үшін мейлінше тиімді пайдалану керек. Бұл жұмыста ауыл шаруашылығының мамандары зор роль атқаруға тиіс. Олар колхоздарға жемшөп қорын көбейту үшін барлық резервтерді іздестіріп табуға және пайдалануға, мал қораларын салу және жөндеуді тездетуге, фермаларды тәжірибелі колхозшылармен толықтыруға көмектесуге міндетті.

Мал қыстатуға үлгілі әзірлену, жемшөптің барлық түрлерінің қорын жасау жоспарын орындау—колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің шұғыл міндеті міне осындай.

(«Правданың» 1953 жылғы 8 октябрьдегі басмақаласы).

да. Бригада мүшелері жазық 58 центнер қыяр, 107 центнер помидор, 50 центнер сәбіз және 500 центнерден аса капуста алды.

Бригада келесі жылы картоп, овощ егістеріне қажетті тұқымды да жеткілікті мөлшерде дайындады. Картоп пен овощ егілген егіс алаңдарын жергілікті және минералдық тыңайтқыштармен тыңайту жұмысы да үлгілі жүргізілуде.

И. МОНАХОВ.

Гектарынан 100 центнер

ПОЛУДИНО. (Өз тілшімізден). Чапаев атындағы колхоз быыл бірінші рет мал азығындық суданка шөбін екенді. Колхозшылар жақында бұл шөп егісін жыйнап, гектарынан 100 центнерден өнім алды. Осы сыяқты, Сталин атындағы колхоздың колхозшылары да суданка шөбінің әрбір гектарынан 75 центнерден өнім жыйнады. Аудан колхоздары келесі жылы суданка шөбі егісінің көлемін 2—3 есе ұлғайтпақ.

Емельян Яковлевич Батурин жолдас Совет ауданындағы оят шопаңдардың бірі. Ол бірнеше жылдан бері Каганович атындағы колхозда аға шопаң болып істеп, қой өсіруде айтарлықтай табыстарға ие болып келеді.

Еңбек аброй өнереді, дана шығарады. Батурин жолдасы да колхозшылардың зор құрметіне бөленген осы еңбек. Ол өткен жылы әрбір 100 саулықтан 131 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді. Шопаңның мұндай зор табысқа ие болуы —еңбекті сүйіп істеуінің, қой бағуда, күтуде және төл алуға зоотехникалық-мәддерігерлік ережелерді мұқият қолдана білуінің, өз жұмысының табысты болуына ұқыптылықпен қарауының нәтижесі.

Аға шопаң Батурин және оның көмекшілері В. Рябькова, В. Гопоненко жолдас-тар СССР Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары және Г. М. Маленков жолдасының сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, үстіміздегі жылы да қой өсіруде айтарлықтай табыстарға ие болды. Олар 300-ден астам қозының шығынсыз өсірілуіне, әрбір қойдан 3 килограмға жуық жүн алынуына жетісті. Шопаңдардың қажырлы еңбек етулерінің нәтижесінде 1 октябрьге дейін колхозда қой өсірудің жылдық жоспары 136 процент орындалды. Ал мемлекетке жүн тапсыру жоспары да мерзімінен бұрын орындалып отыр. Колхоздың қой шаруашылығынан тапқан ақшалай табысы өткен жылғыдан 2 есеге жуық арттырылды.

Батурин жолдас қойлардың тұқымын асыландыруда да айтарлықтай табысқа ие болды. Ол аға шопаң болып жұмыс істей бастағанда фермадағы биязы жүнді қойлар 40—50-ден аспайтын. Көзір бұлардың саны 600-ден асты.

Емельян Яковлевич осындай табыстарға қалай жетісті? Бұл сұрауға жауап беру үшін оның қой бағудағы іс тәжірибесіне тоқталмақшы.

Тәжірибелі шопаң қойларды жазғы жа

сын жұмыстарының барлығы дерлік техника күшімен жүргізді. Мал азығы үшін дайындалған шөптің 18 мың центнері МТС күшімен орындалды. Мұның өзі Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтауда жасап отырған қамқорлығын айқын дәлелдейді.

Быйыл біз агротехникалық ережелермен оят тәжірибелерді кеңінен қолдана отырып, бітік егін өсірдік. 3200 гектар дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 14—15 центнерден өнім алдық. Мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Келесі жылдың егістері үшін 5 мың центнер тұқым құйып, оны тазарту жұмысын қызу жүргізудеміз. Мал азығы үшін 5 мың центнер сұлы, арпа, бидай ұшырындыларын дайындадық.

Колхоз дәулетінің арта түсуі негізінде колхозшылардың өл-ауқаты, мәдени тұрмысы жақсаруда. Быйыл әр еңбеккүнге 5 килограмнан астық, бір сомнан ақша бөлінді. Жыл аяғына дейін тағы да 2 килограмнан астық, бір сомнан ақша бөлеміз. Бұл колхозшылардың еңбеккүндеріне өткен жылы алған астықтарымен ақшалай табыстарынан анағұрлым көп. Колхоз өндірісінде қол үзбей жұмыс істеген колхоз-

аз егілші келеді және өнімі де төмен. Пленум қауымы елімізде картоп, овощ жөніндегі арта қалудылықты жойып, бұл істі батыл өркендетудің жолдарын белгілеп берді. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін келесі жылы картоп, овощ егістерінің көлемін ұлғайтумен бірге, оларды күтіп, баптауда агротехникалық ережелерге сай жүргізіп, алынатын өнімді де молайтамыз. Огородтық егістерде істелетін жұмыстарды механикалаңдыру үшін керекті машиналар сатып аламыз. Бұған мүмкіншілігіміз бар. Көзірдің өзінде мемлекеттік дайындау орындарына сатқан астықтан ғана колхозға 360 мың сом табыс кірді.

Келесі жылғы егіннің қамын ойлап, көзір зяб жұрту жұмысын қызу жүргізіп жатырмыз. Зяб жұртуда жақсы табыстарға жетіп жүрген тракторшыларымыз аз емес. Солардың бірі Новиков жолдас. Ол «СТЗ—НАТИ» тракторымен еменалық тапсырмасын үнемі асыра орындап келеді.

Біз Пленум қойған талаптарға сай жұмыс істеп, колхоздың ұйымдық-шаруашылық жағынан ығзыа беруін қамтамасыз етеміз.

А. ПУРТОВ,

Колхоз ауданы, «Путь Ленина» колхозының председатели.

Уәлілі ісі

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхоздың сауыншылары Ұлы Октябрь мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін социалістік жарысқа түсіп, қажырлықпен еңбек етуде. Ауылдық Советтің депутаты, комсомол мүшесі Д. Тасжанова жолдас өткен тоғыз айда қарамағындағы 12 сыйырдан 15 мың литр сүт сауды. Мұндай жетістікке онымен жарысқа түскен Сыздықова жолдас та ие болды. Бұлар сыяқты сауыншылардың үлгілі еңбегінің нәтижесінде колхоз мемлекетке сүт тапсыру жоспарын көзірдің өзінде 90 процент орындады.

Бұзау күтуші сауыншылар М. Әлгожина, Ә. Нұрманова жолдас-тар өздеріне бекітілген бұзауларды шығынсыз өсіріп, табынға қосты. Колхоз басқармасы олардың жақсы жұмыс істегендері үшін қосымша ақыға бір бұзаудан беруді ұйғарып отыр.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.

Аға шопаң Батурин

не күзгі жайылымдарда бағу ісіне ерекше назар аударады. Ол қысқы маусым аяқталысымен қойлардың жаздық күндері қандай жайылымдарда бағылатынын белгілейді. Сөйтіп, жайылымдарды дұрыс пайдаланады. Күздің күндері көбінесе қойларды егін орылған учасқтерде бағарды. Сөйтіп, қысқа дейін отардағы барлық қойлардың қонды болуына жетіседі.

Қой шаруашылығын өркендетудегі ең шешуші, әрі жауапты кезең—қысқы маусым болып есептеледі. Сондықтан Батурин жолдас және басқа шопаңдар қойларды қыстың алғашқы күндерінен бастап, жақсы күтімге алады. Қыс маусымы басталғанға дейін мал азығының мол дайындалуына, қора жайдың жеткілікті болуына жете көңіл бөледі.

Қой-ешкі уақытылы азықтандырылып суаруды тілейді. Батурин жолдас қойларды мезгілінде азықтандырып, суарып отырады. Қыстың күндері қойлардың қоны төмендеуі оларды құнарлы азықпен азықтандыруға тікелей байланысты. Жыл сайын колхоз басқармасы қой фермасын көк шөппен қамтамасыз етіп келеді.

Шопаңның тағы бір ерекшелігі мынада: ол қоны төмендеген кейбір қойларды бөліп алып, ерекше күтімге қояды. Оларға шөптен басқа дәнді дақылдардың ұшырындысын беруді ұйымдастырады. Мұның өзі қоны төмендеген қойлардың тез семіруіне қолайлы жағдай туғызады.

Қыстың күндері аса көңіл бөлетін мәселенің бірі—ішті қойларды күту. Өйткені, төл алу маусымының үлгілі өткізілуі саулықтардың қонды болуына байланысты. Батурин жолдас төл алу маусымына біржарым, екі ай мерзім қалғанда саулықтарды басқа қойлардан бөлек күтетеді. Ал, саулықтардың қоздауына 7—8 күн қалғанда және төлдегеннен кейін біраз уақыт оларға концентрат беруді

ұйымдастырады. Бұл саулықтардың сүті мол болуына, жаңа туған қозының енесін еркін емуге, сөйтіп, тез жетілуіне мүмкіндік береді.

—Мал төлден өседі,—дейді шопаң Батурин жолдас. Міне, сондықтан ол төлдің мол алынуын және алынған төлдердің шығынсыз өсірілуіне жетісу үшін күресіп келеді. Ол алдымен қой шағылыстыру маусымын ойдағыдай өткізуге жете көңіл бөледі. Қошқарларды қой шағылыстыру маусымына біржарым, екі айдай уақыт қалғанда күтімге алады. Оларды күндіз далаға үш рет серуенге шығарып, жайып оттатады. Қалған уақытта қорада күтіп, құнарлы шөп, концентратпен азықтандырады. Соңғы кезде қошқарларға жұмыртқа беруді қолданып жүр.

Мұнымен бірге Батурин жолдас қой шағылыстыру маусымына саулықтарды да әзірлеуге айырықша назар аударады. Ол саулықтардың бұл маусымға дейін қонды болуын қамтамасыз етіп, әрбір саулықтың ішті болуына жетіседі.

Батурин жолдас бұрын қошқарларды саулықтарға қосып жіберетін. Мұның өзі төл алу маусымының жоспарсыз өтуіне, кейбір төлдердің шығынға ұшырауына және жекелеген саулықтардың қысыр қалуына жол береді. Бұл көмшіліктерді жою үшін шопаң мал шаруашылығының мамандарының көмегімен саулықтарды қолдан ұрықтандыру әдісін кеңінен қолданып жүр. Мұның өзі ігі нәтижесін беруде. Шопаң оят зоотехникалық-мәддерігерлік ережелерді батыл қолдану арқылы төл алу маусымы жоспарды түрде өткізуге, әрбір саулықтың ішті болуына жетісіп келеді.

Қой шағылыстыру маусымын ұйымшылдықпен өткізу істің бастамасы ғана. Батурин жолдас төл алу маусымына барлық жағынан үлгілі әзірленеді. Күзгі уа-

қытта ол колхоз басқармасынан жеткілікті мөлшерде төл үйлерінің дайындалуын талап етеді. Быйыл бұл колхозда 500 саулықтық бір қора және 500 төлдік үй салынды.

Бұл фермадағы саулықтардың біразы егіз қозы табады. Егіз қозылардың енесі төлдерін сүтпен жарытпайтын болғандықтан Батурин жолдас қозыларға сыйыр сүтін береді. Есейген қозыларға көк шөп және концентрат береді.

Батурин жолдасын төл алу маусымындағы бір ерекшелігі, соңғы екі жыл бойы төл алу маусымын февраль, март айларында өткізуді. Мұның өзі қозылардың суыққа төзімді болып өсуіне, олардан жүннің мол алынуына қолайлы жағдай жасайды. Бұдан бұрын мұнда төл алу маусымы апрель, май айларында өткізілетін. Бұл айларда туған қозылар көктемгі суықтарды көтере алмай, ауруға шалдығып, шығын болатын. Осы себеппен ол төл алу маусымын қысты күні өткізуді ұйымдастырды.

Аға шопаң Батурин және басқа да қой өсірушілер СССР министрлер Советі мен СОБН Орталық Комитетінің «Елімізде мал шаруашылығын оған әрі өркендету және колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер шаруашылықтарының мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті тапсыру нормаларын көміту шаралары туралы» қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Колхоз шопаңдары бұл қаулыны жүзеге асыру мақсатымен таяудағы 2—3 жылдың ішінде колхозда тек қана биязы жүнді қойлардың өсірілуіне, олардан алынатын жүнді екі есе молайтуға міндеттенді. Батурин жолдас басқарған шопаңдар бригадасы бұл алған міндеттемелерін аброймен орындап шығатындығы, сөйтіп, халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне және жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығымен қанағаттандыру ісіне келеді үлес қосатындықтары сөзсіз.

Т. ҚӘДІРӨВ,

ССР Одағы Министрлер Советінде

ССР Одағының Министрлер Советі аса көрнекті совет скулпторы, СССР Сурет академиясының толық мүшесі, СССР халық суретшісі, Сталиндік Сыйлықтың лауреаты Вера Игнатьевна Мухинаның қайтыс болғандығын қатты қайғырып хабарлайды.

ССР Одағының Министрлер Советі.

Автомашиналар — колхоздарға

ЛЕНИНАБАД. (Тәжік ССР), Ленинабад облысының колхоздары овощ, жүн, ет және сүт тапсырудың мемлекеттік тапсырмаларын орындап, жоспардан тыс ауылшаруашылық өнімдерін сатуда.

Ленинабад ауданының Ворошилов атындағы колхозына жоспардан тыс 350 тонна овощ, 50 тонна ет, 7,5 тонна жүн сатқаны үшін 19 автомашина сатылады.

Ауыл-селода лекциялық насихатты кеңінен өрістетете берейік

Идеология майданындағы қызметкерлердің бүгінгі таңдағы басты міндеті—СОКП XIX съезі қарарлары мен СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің елімізде мал шаруашылығын өркендету, картоп пен овощ өндіруді арттыру, МТС жұмыстарын жақсарту шаралары туралы болған соңғы қаулыларын кеңінен насихаттау болып табылады.

Бұл міндеттерді орындауда саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі бірқатар жұмыстар істеді. Қоғам аудандардағы бөлімшелерімен бірлесіп отырып, лекциялық насихатты едәуір дәрежеде өрістетте түсті. Аудандық бөлімшелерде лекция оқып жүрген 400-ден астам ауыл- село интеллигенттерінен құралған қоғам мүшелері бар. Оның құрамында: агрономдар, мұғалімдер, зоотехниктер, дәрігерлер, инженерлер, партия, совет және комсомол ұйымдарының қызметкерлері бар. Олардың күшімен тек үстеміздегі жылдың өзінде ғана облысымыздың ауылдары мен селоларында 700-ге жуық лекция оқылды.

Үстеміздегі жылдың өткен 8 айы ішінде облыстық қоғам мүшелері облысымыздың 130 колхозын өртүрлі тақырыптағы лекциялармен қамтыды. Лекциялардың көпшілігі СОКП XIX съезінің қарарларын, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының материалдары мен СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттауға арналды.

Қоғамның Совет ауданындағы бөлімшесінің жұмысы өткен жылдармен салыстырғанда бйыл едәуір жақсара түсті. Ауданның барлық колхоздары лекция оқуды ұйымдастыру жөнінде қоғамның облыстық бөлімшесімен шарт жасасты. Осы жылдың өткен айлары ішінде қоғам мүшелері ауданның 17 колхозында лекция оқыды. Қоғамның толық мүшелері Сукачев жолдас «Совет халқының материалдық және мәдени дәрежесін арттырудағы үкмет пен партияның қамқорлығы», Малышева жолдас «Совет әдебиеті —бейбітшілік және демократия үшін күресте» және басқа тақырыптарда лекциялар оқыды. Бұл лекцияларға көптеген колхозшылар қатыстырылды.

Жазғы демалыс күндерінде оқытушы Нүрпейісов жолдас Преснов ауданының «Баян», Аманкелді атындағы, Абай атындағы, Киров атындағы және Жамбыл атындағы колхоздарында СОКП XIX съезінің қарарлары туралы, сондай-ақ, Әлібаев жолдас Октябрь ауданының бірқатар колхоздарында «Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолдары» деген тақы-

рыптарда лекциялар оқыды. Облыс бойынша лекциялық насихаттың жұмысына 170-тен астам ауыл- село интеллигенттері қатысып жүр.

Алайда, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімі ауыл-селолық жерлердегі лекциялық насихатты жаңа талаптар дәрежесінде өрістетте алмай отырғандығын мойындау керек. Әресе, ғылыми тақырыптарға лекциялар өте аз оқылады. Оқылған лекциялар колхозшылардың, жұмысшылардың және интеллигенттердің өскелең тілегін әлі де толық қанағаттандыра алмай отыр. Күні бүгінге дейін ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының іс тәжірибелері насихатталмай келеді. Бізде ауыл шаруашылығы озаттарының бірде-бірі өзінің жұмыс тәжірибесі жөнінде лекция оқып көрген емес.

Ауыл- село интеллигенттерінен құралған көптеген лекторлар кадрлары бола тұрса да, қоғам бйылғы жылдың өткен айлары ішінде облысымыздың 90 колхозында лекция оқуды ұйымдастыра алмады. Қоғамның аудандық бөлімшелері де лекциялық насихатты партия талабына сәйкес өрісетуісіне қоғам мүшелерін кеңінен жұмылдыра алмай отыр.

Қоғамның Соколов аудандық бөлімшесінде (председателі Писаренко жолдас) 40 мүше бар. Оның ішінен 10 адам ғана колхоздарда лекция оқып жүр. Қоғам мүшелері ауданның 6 колхозында ғана лекция оқыған, ал, егін орағы күндерінде лекция оқуды мүлдем тоқтатып тастаған. Аудандық бөлімшенің лекция оқуды дұрыс ұйымдастырмауы салдарынан қоғамның толық мүшесі Грин жолдас Соколов ауданында 3 күндей болса да, бірде-бір колхозда лекция оқымады. Мұның себебін Писаренко жолдас: «колхозшылардың бәрі егін басында, олардың лекция тыңдап отыруға уақыты болмады» деп дәлелдеуге тырысады.

Қоғамның Мамлют аудандық бөлімшесінің жұмысы да айтарлықтай емес. Мұнда лекция оқуға қоғамның 49 мүшесінің 11-і ғана қатысады. Ауданның екі колхозы ғана лекция оқу жөнінде қоғаммен шарт жасасқан, демек, ауданның көптеген колхоздарында лекция оқылмайды. Преснов ауданында да лекциялық насихат қанағаттандығысыз дәрежеде қалып келеді. Жыл бойы ауданның 15 колхозында бірде-бір лекция оқылған жоқ. Бұл төзгісіз жағдайға Преснов аудандық партия комитетінің басшылары қызығатын көрінбейді.

Қоғам, оның аудандық бөлімшелері лекцияның самалы және оның идеялық мазмұнының жоғары дәрежеде болуын жеткілікті бақылап отырмайды. Ал, кейбір лекторлар қоғам жіберген лекцияны

қайта өңдеп, жергілікті материалдармен толықтырмай, сол қалпында оқып салады.

Көзіргі кездегі қоғамның негізгі міндеті —партияның сентябрь Пленумының және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің мал шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы қаулыларын ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында кеңінен насихаттау болып отыр. Осы мақсатпен саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімі сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің елімізде мал шаруашылығын өркендету, картоп пен овощ өндіруді арттыру, МТС жұмыстарын жақсарту шаралары туралы қаулыларынан лекциялар пиялы ұйымдастырды. Бұл лекциялардың ішінде: «СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы —ССРО ауыл-шаруашылығын оған әрі өркендетудің программасы», «Мал шаруашылығын өркендету —партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы басты міндеті», «МТС-тердің колхоздардың қоғамдық шаруашылығын өркендетудегі ролі» және басқа тақырыптардағы лекциялар бар.

Қоғамның облыстық бөлімі туысқандардың тілегі бойынша орта және жеті-жылдық мектептердің жанынан туысқандарға арнал лекциялар оқып бастады. Бұл лекциялар жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде туысқандарға көп пайда келтіретіні сөзсіз. Бірақ, екіншісі бір нәрсе —кейбір мектептердің директорларының мұндай лекцияларға мән бермейтіндігі байқалады. Мәселен, қаладағы № 4 орта мектептің директоры Володина, Смирнов орта мектебінің директоры Твритинова және Дубровное жетіжылдық мектебінің директоры (Мамлют ауданы) Никитина жолдастар түрлі сылтаулар тауып, мұндай лекцияларды ұйымдастырудан ат-тонын ала қашып жүр.

Қоғамның тұрақты лекторлары, сондай-ақ аудандарда да тұрақты қызметкерлеріміз жоқ. Қоғам өз жұмысында көбінесе ауыл- село интеллигенттеріне сүйенеді. Сондықтан да жергілікті партия, совет ұйымдары бөлімшелердің жұмысына күнбе-күн басшылық жасап, оған бағыт беріп отыруға тиіс.

Қоғамның облыстық бөлімі алдында күрделі міндеттер тұр. Бұл міндеттерді аброймен орындауға қоғам бар күш-құмкіншілігін жұмсайды.

Ә. НҰРМҰХАМБЕДОВ.

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы облыстық бөлімінің жауапты секретары.

ЖАСТАРДЫҢ ОҚУЫ

«Комсомолка» тігін фабрикасының комсомол ұйымы жаңа оқу жылына ерте бастап әзірленді. Пехтардағы комсомол топтарының ұйымдастырушылары, комсомол комитетінің мүшелері жастармен жеке-жеке алтымазғын жылы комсомол

ме жұмыс істейді. Онда жүзден астам комсомолдер мен комсомолда жоқ жастар оқып, өздерінің идеялық білімін көтереді. Бұдан басқа көптеген комсомолдер жұмысып жастардың кешкі мектебінде оқып отыр.

МТС-ке кетті екі дос

Келе жатсам Сталин көшесімен, Екі адам тұр қолдасып, құшақтасып —Жүздеген көп маманның бірі боп мен

МТС-ке барамын дейді Ласов. МТС-ке?, —Я, я, МТС-ке. Пленум қаулысына мен де үн қос-тым.

—Қолыңды қатты қысам, қалсын есте Қайырлы сапар болсын Петья достым. Екі дос күліседі құшақтасып, Дейді олар екеуміз бір заводта едік. Сіз болсаңыз —механик жолдас Ласов,—

Садуақасов мен дейді —зоотехник. А, солай ма, құрметті Сартай баурым. Бөгелмейік ендеше тез жетейік; МТС, колхоз —Советтік село-аулын Дамытуды дарынмен тездетейік.

Мен тұрмын достар сырын әнге салып, Олар да вокзалға барып жетті. Дайын-тұрған поезға билет алып, Екі дос МТС-ке жүріп кетті...

Ә. ЕСМАҒАМБЕТОВ.

Теміржолшылар клубында

Теміржолшыларды мәдениетті қамту жөнінде Ленин атындағы клубтың қызметкерлері ойдағыдай еңбек сіңіруде.

Мұнда алдын-ала жасалған жоспар бойынша түрлі тақырыптарға баяндама, ғылыми-техникалық лекциялар әрдайым оқылып тұрады. Сол сияқты, жатақханалар мен темір жол бойындағы станцияларды мәдениетті қамту үшін 30 көшпелі кітапхана ұйымдастырылды.

Кітапханашылар Шушпанов, Дубовик, Петухова жолдастар көркем әдебиет кітаптарын, партияның қаулы-қарарларын және басқа да брошюраларды теміржолшылардың сұраған кезінде тауып беріп отырады.

Көзіргі уақытта клуб коллективі Октябьдің 36 жылдық мерекесіне қызу әзірленуде.

Б. МӘЛКОВ.

Кітап оқушылар конференциясы

Ленин атындағы колхоздың (Совет ауданы) кітапханасында әдебиет үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеде жуырда С. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді. Үйірме мүшелері бұл шығарма жөнінде өзара пікір алысты.

Көзіргі кітапхана активі Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге дайындалуда.

Е. АУШАҚЫМОВ.

«ЛЕНИН ТУЫНЫҢ»

ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

«Жұмысы жолға қойылмаған дүкен»

Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энъ-лайдың мәлімдемесі

ПЕКИН, 8 октябрь. (СОТА). Бүгін КХР Орталық Халықтық радиостанциясы Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энъ -лайдың Совет Үкметінің Франция, Англия және Құрама Штаттар үкметтеріне жолдаған нотасында бес ұлы мемлекеттің сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы жасаған ұсынысын қолдаған мәлімдемесін жариялады. Мәлімдемеде былай делінген:

«1953 жылғы 28 сентябрьде Совет Одағының үкметі сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды ұсынып, Франция, Англия және Құрама Штаттар үкметтеріне нота жолдады, ол мұнда мыналарды еске алды:

1. Францияның, Англияның, Америка Құрама Штаттарының, Совет Одағының және Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрлерінің құрамындағы кеңесте халықаралық шиеленісті бөсендету жөніндегі шараларды қарау;

2. Францияның, Англияның, Америка Құрама Штаттарының және Совет Одағының сыртқы істер министрлерінің құрамындағы кеңесте, кеңесті әзірлеудің барысында енгізілген барлық ұсыныстарды қоса, герман мәселесін талқылау.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметі осы ұсынысты толық мақұлдайтынын білдіруге мән өкіл етті.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметі Кореяда уақытша бітім орнауы халықаралық шиеленісті бөсендетуді қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай тудыру және барлық халықаралық таластарды бейбіт келіссөздер жолымен шешуге болағандығын дәлелдеп берді деп есептейді. Көзіргі уақыттағы шұғыл міндеттер мынада болып отыр: Кореядағы уақытша бітім туралы келісімнің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету, агрессиялық соғыстың қайта басталуына батыл жол бермеу, саяси конференцияға қарсылық көрсетуге және оны сәтсіздікке ұшыратуға бағытталған барлық қасқунемдікті талқандау, сөйтіп, барлық шетелдік әскерлерді өкету туралы, корей проблемасын бейбітшілікпен реттеу туралы мәселелерді және басқа мәселелерді келіссөздер жүргізу жолымен шешу үшін бейтарап елдерді қатыстыра отырып, саяси кон-

Корей Халық-Демократиялық Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы

ПХЕНЬЯН, 8 октябрь. (СОТА). Кореяның Орталық телеграф агенттігі Совет Одағында болған КХДР Үкметі делегациясының жұмысын мақұлдау туралы КХДР Министрлер Кабинетінің қаулысын хабарлады.

Сентябьдің 11-нен 19-на дейін Совет Одағының астанасы Москвада жүргізілген келіссөздердің, делінген қаулыда,

ференцияны жедел шақыруға көмектесу.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымы, Құрама Штаттар агрессиясының құралына айналмауға тиіс, қайта бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті және халықаралық хауіпсіздікті қорғайтын ұйымға айналмауға тиіс деп есептейді. Қытай халқының мүдделерін жақтағын, бірақ Вашингтон өкмет орындарының тілелеріне сай келмейтін системаны, —халықтық демократия системасын Қытай халқының таңдап алғанын көріп, Құрама Штаттардың үкметі Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өзінің заңды орнына алуына кедергі жасап отыр. Бірақ Қытай Халық Республикасының қатысуынсыз көптеген халықаралық маңызды мәселелерді және, ең алдымен, Азияға қатысы бар мәселелерді шешу мүмкін емес. Сондықтан бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті және халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы өз міндетін шын мәнісінде тиімді орындау үшін, ең алдымен, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіру Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін өте маңызды.

Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметі барлық халықаралық таластарды келіссөздер арқылы шешудің бейбітшілік саясатын және өртүрлі системадағы мемлекеттердің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру саясатын дәйектілікпен жүргізіп келеді: ол Қыыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету үшін халықаралық шиеленісті жаппай бөсендетуге үнемі ұмтылып келеді. Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін бес ұлы мемлекет —Франция, Англия, Америка Құрама Штаттары, Совет Одағы және Қытай Халық Республикасы —бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікке қатысы бар маңызды мәселелерді шешу үшін ерекше зор жауап беретін болып отырғандықтан, Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметі бес ұлы мемлекеттің сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы Совет Одағы Үкметінің ұсынысын толығымен мақұлдайды. Өйткені, халықаралық шиеленісті бөсендету үшін сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіл адамдардың ынтасы зор мүдделеріне сай келеді».

Нақтылы шаралар белгіленді

Жақында Преснов ауданындағы «Организованный труд» колхозы бастауыш партия ұйымының жыйналысы мал қыстатуға әзірлік жөнінде мәселе қарады. Онда бастауыш партия ұйымының секретары И. Нализов жолдас баяндама жасады. Ол

шаруашылығындағы қол жеткен табыстарға тоқталды. Быйыл колхозда 200 бас мал сыятын жаңа қора салынған. Малшылардың тұрғын үйлері және бұрынғы мал қоралары күрделі жөндеуден өткен.

Мұнымен бірге, баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеген коммунистер бірқатар кемшіліктердің бетін ашты. Мал фермаларына шөп тасу жұмысы тиеті дәрежеде қолға алынбай отыр. Партия ұйымының малшылар арасындағы социалистік жарысқа басшылығы нашар. Озат малшылардың іс-тежібелері кеңінен насихатталмайды. Жыйналыс бұл кемшіліктерді жою шараларын белгіледі.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заң қабылдады. «Ауылшаруашылық салығы туралы» Заң және СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарары Коммунистік партия мен Совет Үкметінің колхоз өндірісін ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайтуға, колхозшылар мен ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесін арттыруға бағытталған шараларының бірі болып табылады.

Бүкіл совет халқымен бірге облысымыздың еңбекшілері де совет адамдарының өскелең материалдық және мәдени қажеттерін тыңғылықты өтеуге бағытталған партиямыз бен үкметіміздің бұл жаңа қамқорлығын қуанышпен қарсы алды.

ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы бекіткен ауылшаруашылық салығы жөніндегі жаңа Заң бойынша колхозшылардың жеке шаруашылықтарынан түскен өнімдерді тапсырудың міндетті нормаларының бірсыпыра кемітілуімен, ауылшаруашылық салығының шұғыл азайтылуымен бірге мал шаруашылығы, картоп пен овощ өнімдерін дайындау бағасы арттырылып отыр.

Осыған байланысты колхозшылардан және ауыл шаруашылығы мен шұғылданатын басқа да адамдардан алынатын ауылшаруашылық салығы біздің облысымыз бойынша 1952 жылмен салыстырғанда 1953 жылы орта есеппен 50 процент, ал, 1954 жылы 71,7 процент кемітін болады.

Жаңа Заң бойынша ауылшаруашылық салығын салудың қолданылып келген тәртібі түбірінен өзгертілді. Егер бұрын ауылшаруашылық салығын салғанда селода тұратын колхозшылардың жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа азаматтардың ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрінен — бақтал, малдан және басқаларынан табатын табыстары өскеріліп, бұларға жеке-жеке салық салынып келген болса, жаңа Заң бойынша селолық жерлерде тұратын колхозшыларға, жұмысшыларға, қызметші-

оқуының қандай жұмысында оқынатынын жөнінде өңімелер өткізді.

1 октябрьде алғашқы сабақ басталды. Насихатшылар тыңдаушыларды жаңа оқу программасымен таныстырды. «Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл» деген тақырыпта насихатшы А. Соколов жолдас әсерлі өңгіме өткізді. Тыңдаушылар Соколов жолдастың лекциясын зейін қоя тыңдап, лекция біткеннен кейін насихатшыға бірнеше сұрақтар қойды.

Үстіміздегі жылы біздің фабрикада СОКП тарихын үйренетін негізгі типтегі төрт үйірме және жоғары типті бір үйір-

үстіміздегі жылы комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастардың саяси оқумен қамтылуы, насихатшылардың құрамы, үйірмелердегі сабақтың сапасы анағұрлым жақсара түсті.

Фабриканың комсомолецтері комсомол оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептерге үзбей қатысып, сол арқылы өздерінің идеялық саяси білімдерін көтере береді. Оған оқу жылының алғашқы күніндегі сабақтың ұйымшылдықпен басталуы кепіл бола алады.

Л. НЕСТЕРЕНКО,
«Комсомолка» тігін фабрикасы
комсомол ұйымының секретары.

лыққа өз еңбегімен қатыспайтын 60 жас-тан асқан ер және 55 жас-тан асқан әйел колхозшылар мен жеке шаруалардың шаруашылықтары салық төлеуден толық босатылады.

Ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заң бойынша әскери қызметкерлердің, соғыс және еңбек мүгедектерінің семьяларына ауылшаруашылық салығын төлеу жөнінен көп жеңілдіктер беріледі. (Мәселен, семья мүшесі Совет Армиясында, Соғыс-Теңіз Флотында, шекара әскерлерінде міндетті қызмет атқаратын, семьясында әйелі мен шешесінен басқа еңбекке жарамды адамы жоқ және 8 жасқа дейін баласы бар колхозшылар мен басқа да азаматтардың шаруашылықтары салық төлеуден толық босатылады.

Семьясында еңбекке жарамды бір ғана адамы және Отан соғысының бірінші дәрежелі мүгедегі бар, семьясында еңбекке жарамды бір ғана адамы және Отан соғысының екінші дәрежелі мүгедегі, 16 жасқа дейінгі балалары бар, семьясында еңбекке жарамды екі адамы және бірінші, екінші дәрежелі мүгедегі, 16 жасқа дейінгі 5 және одан көп балалары бір семьялардың шаруашылықтары салық төлеуден толық босатылады. Семьясының құрамына бірінші, екінші дәрежелі соғыс және еңбек мүгедектері кіретін семьялардың шаруашылықтарына салық салу, салық мөлшерінің жартысына азайтылады, ал, еңбекке жарамды адамдары жоқ жағдайларда мұндай шаруашылықтарға салық салынбайды.

Ауылшаруашылық салығын төлеуден, сол сияқты, мыналар босатылады: селолық жерлердегі бастауып, жетіжылдық мектептер мұғалімдерінің, оның ішінде бұл мектептердің пенсияға көшкен мұғалімдерінің шаруашылықтары; селолық жерлердегі мектеп директорларының, директорлардың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарларының, балалар үйлерінің тәрбиешілері мен еңбек нұсқаушыларының шаруашылықтары; селолық жерлердегі кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда өзінің мамандығы бойынша істейтін және арнаулы орта немесе жоғары дәрежелі білімі бар агрономдардың, зоотехниктердің, гидротехниктердің, жерге орналастырушылардың, мелиораторлардың, малдәрігерлері мен фельдшерлерінің, меди-

Газетіміздің осы жылғы 29 августағы номерінде жарияланған «Жұмысы жолға қойылмаған дүкен» деген хабарда Ленин ауданындағы Калинин атындағы колхоздағы дүкеннің жұмысында орын алған кемшіліктер атап көрсетіліп, дүкен сатушысы Сатыбалдина жолдастың тұтынушылардың тілегіне сай жұмыс істей алмай келгендігі сыналды.

Ленин аудандық тұтынушылар одағы газет дабылы бойынша тексеріс жүргізгенде, онда көрсетілген фактілер толық анықталды, селолық тұтынушылар қоғамының басқармасы бұл жөнінде мәселе қарап, сатушы Сатыбалдинаға қатты ескертті деп хабарлады.

циналық дәрігерлердің, медициналық орта қызметкерлердің, мемлекеттік санатория инспекторларының шаруашылықтары; селолық жерлердегі машина-трактор станциялары, ауылшаруашылық машиналарын күрделі жөндеуден өткізетін тұданаралық мастерскойлар, сол сияқты, совхоздар, жылқы заводтары және мемлекеттік жидек-жеміс питомниктері директорларының, директорлардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының, техникалық басшыларының, инженерлерінің, техниктерінің, агрономдарының, аға механиктер мен механиктерінің шаруашылықтары; село жастарының жетіжылдық, орта мектептері мұғалімдерінің шаруашылықтары, селолық жерлердегі саңырауылқаулар мектептері мұғалімдерінің, физкультура оқытушыларының, техникумдар мен ауылшаруашылық мектептерінде өз мамандығы бойынша жұмыс істейтін агрономдардың, зоотехниктердің, гидротехниктердің, жерге орналастырушылардың, мелиораторлардың, малдәрігерлері мен фельдшерлердің шаруашылықтары.

Шаруашылықтарға салынған салықтың жылдық сомаларынан 20 проценті 1 мартқа дейін, 20 проценті 1 июньге дейін, 30 проценті 1 сентябрьге дейін, 30 проценті 1 ноябрьге дейін төленуге тиіс. 1953 жылы шаруашылықтарға салынған ауылшаруашылық салығының сомасынан шаруашылықтар аванспен төлеген сома шығарылып, қалған салық сомасын төлеу екі кезеңде тепе-тең мөлшерде 1 октябрьге дейін және 15 ноябрьге дейін жүргізіледі.

Финанс орындарының, ауыл-селолық Совет председателдерінің міндеті ауылшаруашылық салығы туралы жаңа Заңды еңбекшілер арасында насихаттауды кеңінен ұйымдастыру, бұл Заңның маңызын мақсатын, берілген жеңілдіктерді, салық салу тәртібінің бұрынғы тәртібі мен кәзіргі жаңа тәртібінің ерекшеліктерін, сол сияқты, мемлекет алдындағы финансы міндеттемелерінің держесінде және мерзімінен бұрын орындалуының маңызын бұқараға жете түсіндіру болып саналады.

М. ЯРОВ,

Облыстық финансы бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Оның ешқандай онан әрі өркендету үшін зор маңызы бар. Келіссөздердің барысында Корея мен ССРО арасындағы достық қатынастарды онан әрі дамытуға, Корея проблемасын бейбітшілікпен шешуге және біздің елдің халық шаруашылығын соғыстан кейінгі қалпына келтіріп, өркендетуге Совет Одағының Кореяға көмек көрсетуіне қатысы бар мәселелер талқыланды.

Осы келіссөздердің нәтижелерін толық мақұлдап, құттықтай отырып, КХДР Министрлер Кабинеті Совет Үкметінің корей халқына қамқорлық жасап, көңіл бөлгені үшін Совет Үкметі мен совет халқына шексіз алғыс айтады. Кәзіргі келіссөздердің нәтижелері Корея мен ССРО арасындағы достық қатынастарды нығайтып, бұрынғыдан анағұрлым жоғары сатыға көтереді және корей мәселесін бейбітшілікпен шешуге, Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап, хауіпсіздікті қам-

қалықтың азат етуіне ғана емес, солмен бірге, оның шын мәнісіндегі ең жақсы досы екендігін тағы да дәлелдейді, үлкенді-кішілі халықтардың өзара ынтымағы мен достығына, олардың теңдестігі мен олардың суверенитетін қадірлеу принципіне негізделген Совет Одағының сыртқы саясатының әділеттілігін тағы да дәлелдейді.

Бүкіл корей халқы біздің барлық жеңістеріміздің маңызды кепілі болып табылатын Совет халқымен достық қатынастарды бұрынғыдан анағұрлым нығайтады, өзінің бүкіл игілікті еңбегі мен бүкіл күшін еліміздің халық шаруашылығын соғыстан кейін қалпына келтіріп, өркендету ісіне, отанды бейбітшілікпен біріктіруге және оның тәуелсіздігіне жету ісіне, Қыйыр Шығыс пен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздікті сақтау ісіне жұмсайды, сөйтіп, Совет Одағының орасан зор көмегі үшін оған алғыс айтамын болады.

ГДР Халық палатасында

БЕРЛИН, 8 октябрь. (СОТА). Бүгін Берлинде Герман Демократиялық Республикасы Халық Палатасының 39-шы пленум мәжілісі болды.

Халық палатасы 1953 жылдың екінші жартысына арналған халық шаруашылық жоспарын өзгерту туралы қаулыны және 1953 жылғы мемлекеттік бюджетті өзгерту туралы қаулыны екінші рет талқылауға кірісті.

Халық палатасының экономикалық

мәселелер жөніндегі комиссиясы мен бюджет-финанс комиссиясы өкілдерінің тиісті баяндамаларынан кейін халық палатасының депутаттары осы комиссиялардың ұсыныстарын мақұлдады және ГДР-дің 1953 жылдың екінші жартысына арналған халық шаруашылық жоспарын өзгерту туралы қаулыны, сонымен қатар, 1953 жылғы мемлекеттік бюджетті өзгерту туралы қаулыны бір-ауыздан мақұлдады.

ИТАЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

РИМ, (СОТА). «Унита» газетінің хабарына қарағанда, кеше Неапольде, Флоренция мен Ливорнода осы қалалардың әріптерүшілері жариялаған ереуілмен байланысты бірде-бір газет шықпаған. Ереуіл жаңа ұлттық коллективтік шарт жасау туралы келіссөз жүргізуден бастартқан баспа иелеріне қарсы наразылық білдіру ретінде жарияланған.

ЖАПОНИЯДА ШАХТЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСТАН ЖАППАЙ ШЫҒАРУ

ШАНХАЙ, 7 октябрь. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, «Такамацу» (Кюсю аралы) көмір шахтасының әкімшілік орындары 1185 жұмысшыны жұмыстан шығарғандығын хабарлаған. Сөйтіп, Кюсю аралының барлық көмір шахталарында жұмыстан 13.460 адам шығарылған.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«НЕМАН УСТІНДЕГІ СӘУЛЕ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖҰЛДЫЗ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Түпкілікті жұмысқа жұмысшылар және жүк тиеушілер КЕРЕК.
Адрес: Петропавл қаласы, Осипенко көшесі, 5-үй, Элеватордың кадр бөлімі.

Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 244-үйде тұрушы Александр Иванович Лавров Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 112-үйде тұрушы Мария Васильевна Лавровадан айрылатыны жөнінде арыз берді.
Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.